

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының «Қазақстан халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының акцияларын сатып алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы 264 Қаулысы

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы Заңының 9-бабы 3-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының жалпы сомасы 236533011 (екі жүз отыз алты миллион бес жүз отыз үш мың он бір) теңгеге бір жай акция үшін 104,03 (бір жүз төрт) теңге 3 (үш) тиын бағада саны 2273700 (екі миллион екі жүз жетпіс үш мың жеті жүз) дана жай акцияларын сатып алсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов